

Жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салу туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2012 жылғы 19 шілдедегі № 217 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 27 шілдеде № 1815 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Жоғары өрт қаупі бар 4-5 класты кезеңнің басталуына байланысты, 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман Кодексінің 15 бабының 11) тармақшасына сәйкес және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27 бабындағы 1 тармағының 9) тармақшасы негізінде Жамбыл облысы әкімдігі **Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :**

1. Өрт қаупі жоғары болып тұрған кезеңде (ағымдағы жылдың 20 қыркүйегіне дейін) жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салынсын.

2. Аудан әкімдері және «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыреті ш е г і н д е :

1) халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуді, соның ішінде бұқаралық а қ п а р а т қ ұ р а л д а р ы а р қ ы л ы да ;

2) мемлекеттік орман қоры аумағына кіреберістерді шлагбаумдармен жабдықтауды, тәулік бойы аумақтардың периметрі бойынша патрульдеуді ұйымдастыруды қамтасыз е т с і н .

3. Жамбыл облысы әкімі аппаратының мемлекеттік құқықтық бөлімі осы қаулыны әділет органдарына мемлекеттік тіркеуге жолдасын және оның ресми жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Кәрім Насбекұлы Көкрекбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тірекуден өткен күннен бастап заңды күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Облыс әкімі

Қ. Бозымбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК